


**Қаралды:**

Педагогикалық кеңес  
отырысында  
«25»тамыз 2023ж

**Келісілген:**

Әдіскер  
Сәркей Ә.А.



**Бекітемін:**

Облыстық арнайы мектеп-балабақша  
КММ директоры  
Аймағандетов Т.М.



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 -2023 оқу жылына арналған №4 «Құлыншак» мектепалды (5 жас) тобында ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Тәрбиешілер:** Уринбасарова М.А, Куспанова Н.О

**Логопед:** Наурызбайқызы А

**Дефектолог:** Нургалиева Н.Ж

**Музыка жетекшісі:** МукановаТ.И

**Дене шынықтыру жетекшісі:** Анапина А.К

## Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

### «Облыстық арнайы мектеп-балабақшасы»КММ

#### №4 «Күлыншак» мектепалды даярлық тобы

#### Кезен:2022-2023 оқу жылы

#### 2022-2023 оқу жылы қыркүйек айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар.</p> <p>Жүру: сапта бір бірден жүру,аяқтың ұшымен, өкшемен, заттар арасымен, кеглилер арасымен.</p> <p>Тепе-теңділікті сақтау: Заттардан аттап жүру.</p> <p>Жүгіру: Бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу: Әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу.</p> <p>Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3-4 метр қашыққа жылжу арқылы секіру.</p> <p>Лақтыру, қағып алу, домалату:Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату.</p> <p>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: бір- бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулары. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу, қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою.</p> <p>Кеудеге арналған жаттығулар. Алға еңкейіп, алақаның еденге тигізу.Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу.</p>

	<p>Аяққа арналған жаттығулар. Аяқтың ұшына көтерілу. Қолды алға созып, жартылай отырып- тұру (2-3 рет)</p> <p>Спорттық жаттығулар. Спорт залда және спорт алаңына қауіпсіздікті сақтауға баулу. Әр түрлі спорт түрлерімен таныстыру.</p> <p>Велосипед, самакат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед, сомакат тебу.</p> <p>Спорттық ойындар.</p> <p>Футбол элементтері. Допты қақпаға тебу.</p> <p>Қимылды ойындар. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі. Велосипед тебуге, футбол ойындарына жағдай жасау.</p> <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді қалыптастыру.</p> <p>Мәдени- гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Жеке гигиене ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу,</p> <p>Сауықтыру шынықтыру шаралары. Таңертенгілік жаттығуларды орындауға қызығушылық тудыру. Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулығын шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама- қарсы температурадағы сумен шайыну.</p>
Тіл дамыту	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b> Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз п-б, г-ғ дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.</p> <p><b>Сөздік қор:</b> Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b> Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b> Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға</p>

	ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу
Көркем әдебиет	Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну. Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту.  Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру.  Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.
Сауат ашу негіздері	Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Тік сызықтарды жазуға дағдыландыру. Сурет салу.
Математика негіздері	<b>Жиын</b> Жиындар құра білуге дағдыландыру(заттарды топтастыру) <b>Сан және санау</b> 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. <b>Шама</b> Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын анықтау қабілетін қалыптастыру <b>Геометриялық фигуралар</b> Сопақша пішінмен таныстыру. <b>Кеңістікті бағдарлау</b> Кеңістік туралы түсініктерді бекіту <b>Уақытты бағдарлау</b> Әртүрлі оқиғалардың реті туралы білімді бекіту.
Қоршаған ортамен таныстыру	Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану

	<p>және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу.</p> <p>Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету.</p> <p>Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу. Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу.</p> <p>Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну.</p>
Құрастыру	Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану.
Бейнелеу	Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау.
Мүсіндеу	<p>Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану.</p> <p>Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану.</p>
Жапсыру	Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану

		дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.
	Музыка	Музыка тыңдау: Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету.  Ән айту: Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.  Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың сипатындағы өзгерістерге қимылдарды жасауға үйрету.  Билер: Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым әуендерді ойнауды үйрету.
Айы	Арнайы түзету іс-әрекеті	Арнайы түзету іс-әрекетінің міндеттері
Қыркүйек	Қоршаған әлеммен таныстыру және тіл дамыту	Бала, оның отбасы, үйі. Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруына ықпал ету. Туыстық байланыстар туралы ұғымды жетілдіру (атасы, әжесі, жақын туыстары), олардың тұқымын білу. Балалардың отбасы мүшелеріне қамқорлық жасауға, үлкендерді құрметтеуге, кішілерге қамқорлық жасауға, үй шаруасына көмектесуге, отбасы мүшелеріне өздерінің жақсы сезімдерін ауызша білдіруге деген ұмтылысын тәрбиелеу. Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау Заттар туралы түсінік қалыптастыру Еңбекке баулу Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту. Айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын және оларға мұқият

	<p>қарау керек екенін түсіну. Топта тазалықты сақтауға, ойыншықтарды сұртуге, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне қамқорлық жасауға, кезекші міндеттерді жауапкершілікпен орындауға, жоспарланған нәтижеге қол жеткізуге, еңбек нәтижелерін, өзінің және құрдастарының шығармашылық қызметін бағалауға және құрметтеуге, кішілерге көмек көрсетуге, қажет болған жағдайда өзіне жүгінуге деген ұмтылысты тәрбиелеу</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</p> <p>Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, өзінің педагогтерін, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу.</p> <p>Табиғатпен таныстыру</p> <p>Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту.</p> <p>Өсімдіктер әлемі</p> <p>Туған өлкенің өсімдіктері туралы түсінік қалыптастыру</p> <p>Жануарлар әлемі</p> <p>Құстардың пайдасы туралы ойларын кеңейту</p>
Сенсорика	<p>Көруді қабылдау мен зейінді дамыту: суреттердегі әрекетті бейнелеу; 3 элементтен (доп, текше, үшбұрышты призма) ересек адамның іс-әрекетіне еліктеу арқылы құрылыс процесінде форманы ажырату. Практикалық сынау әдісін қолдана отырып, шаманы ескере отырып, үш бөліктен тұратын пирамиданы бүктеу.</p> <p>Есту қабілеті мен зейінін дамыту: дыбыстың өзгеруіне белгілі бір әрекетпен жауап бере отырып, үш музыкалық аспаптың (барабан, металлофон, құбыр) дыбысын саралау дағдыларын үйрету.</p> <p>Тактильдік-қимылдық қабылдаудың дамуы: геометриялық пішіндерді (доп, текше, кірпіш, үшбұрышты призма) және заттардың шамаларын (кішкентай, үлкен, өте үлкен)</p>

	<p>сезіну. Дәмді қабылдауды дамыту: тағамды температура бойынша (Ыстық, Суық, жылы) саралау дағдыларын үйрету.</p>
<p>Сөйлеуді дамыту бойынша арнайы түзету жұмысы</p>	<p>Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз п-б, г-ғ дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.</p> <p>Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту.</p> <p>Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.</p> <p>Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу</p>

## Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

«Облыстық арнайы мектеп-балабақшасы»КММ

№4 «Күлыншак» мектепалды даярлық тобы

Кезен:2022-2023 оқу жылы

### 2022-2023 оқу жылы қазан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар.</p> <p>Жүру: сапта бір бірден жүру; тізені жоғары көтеріп жүру; жіптерден аттап жүру.</p> <p>Тепе-теңділікті сақтау: Арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру.</p> <p>Жүгіру:Сапта бір бірлеп жүру, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру, Еңбектеу, өрмелеу: жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу.</p> <p>Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3-4 метр қашықтыққа жылжу арқылы екі тізенің арасына қапшықты қысып алып секіру.</p> <p>Лақтыру, қағып алу, домалату: допты қабырғаға лақтыру және екі қолмен қағып алу.</p> <p>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа, қатарға бір бірлеп тұру; сап түзеп, екі қарамен қайта құру.</p> <p>Музыкалық ырғақтық қимылдар. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар.</p> <p>Қол және иық белдеулеріне арналған жаттығулар.Саусақтарды айқастырып, алға-қарай көтеру (қолды сырты жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары артқа көтеру.</p> <p>Кеудеге арналған жаттығулар. Қолды жоғары көтеріп,жан- жаққа көтеру.</p> <p>Арқаға арналған жаттығулар: Стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау.</p> <p>Аяққа арналған жаттығулар.Қолды тізеге қойып отырып тұру.</p>

	<p>Спорттық жаттығулар. Спорт залда және спорт алаңына қауіпсіздікті сақтауға баулу. Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу.</p> <p>Велосипед, сомакат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед, сомакат тебу.</p> <p>Спорттық ойындар.</p> <p>Футбол элементтері.Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу.Допты қақпаға тебу.</p> <p>Қимылды ойындар.Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі.Жаз мезгілдерінде велосипед тубуге, футбол ойнауға жағдай жасау.</p> <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді қалыптастыру.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту:дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю.</p> <p>Сауықтыру- шынықтыру шаралары.Дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту. Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулығын шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама- қарсы температурадағы сумен шайыну.</p>
Тіл дамыту	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b> Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).</p> <p><b>Сөздік қор:</b> Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b> Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу</p>

	<p>дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b> Әңгімелесушіні мұқият тындап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.</p> <p><b>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті:</b> Бақылау және суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру</p>
Көркем әдебиет	<p>Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну.</p> <p>Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді,</p> <p>Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау.</p> <p>Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру.</p> <p>Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді сомдауға мүмкіндік беру.</p>
Сауат ашу негіздері	<p>Сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу.</p> <p>Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау.</p> <p>Қолды жазуға дайындау.</p> <p>Көлденең сызықтарды жазуға мүмкіндік беру.</p> <p>Қалам немесе қарындашты дұрыс ұстап сурет салу.</p>
Математика негіздері	<p><b>Жиын</b></p> <p>Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру</p> <p><b>Сан және санау</b></p> <p>Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру.</p> <p><b>Шама</b></p>

	<p>Заттардың (5 және одан артық) биіктігін анықтау қабілетін қалыптастыру</p> <p><b>Геометриялық фигуралар</b></p> <p>Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру.</p> <p><b>Кеңістікті бағдарлау</b></p> <p>Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде)</p> <p><b>Уақытты бағдарлау</b></p> <p>Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үйі.</p> <p>Ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі</p> <p>Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау</p> <p>Заттар, олардың белгілерін нақтылау</p> <p>Еңбекке баулу</p> <p>Еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау.</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</p> <p>Өз құрдастарын тарта отырып, ұлттық ойындар ойнау, Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсету.</p> <p>Табиғатпен таныстыру</p> <p>"Өлі табиғат" ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр)</p> <p>Өсімдіктер әлемі</p> <p>Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту. Табиғи ортадағы жабық өсімдіктермен, өсімдіктермен өзара әрекеттесу процесінде мінез-құлық ережелерін сақтау қажеттілігімен таныстыру.</p> <p>Балаларды туған табиғатының алуан түрлілігімен таныстыру: ағаштар, бұталар, шөптесін өсімдіктер. "Орман", "шалғын" және "БАҚ" ұғымдарымен таныстыру</p> <p>Жануарлар әлемі</p> <p>Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу</p>
Құрастыру	Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи және қалдық материалдармен

	жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу.
Бейнелеу	Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу.
Мүсіндеу	Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көгөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.
Жапсыру	Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.
Музыка	Музыка тыңдау: Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.  Ән айту: Ән айту дағдыларын қалыптастыру  Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып жасауға үйрету.  Билер: Би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындауды үйрету.

		Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әуендерді жеке орындауға үйрету. арқылы бере білу.
Айы	Арнайы түзету іс-әрекеті	Арнайы түзету іс-әрекетінің міндеттері
Қазан	Қоршаған әлеммен таныстыру және тіл дамыту	Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту. Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату. Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, "орман", "шалғын" және "бақша" ұғымдарымен таныстыру.
	Сенсорика	Көруді қабылдау мен зейінді дамыту: практикалық сынақтарды қолдана отырып, ойын барысында көлемді фигураларды (доп, текше, кірпіш, үшбұрышты призма) саралау. 3 бөліктен тұратын бөлінген тақырыптық үлгіні бүктеу. Есту мен зейінді дамыту: 2-3 музыкалық аспаптың дыбысталу ретін анықтау. Тактильдік-қимылдық қабылдауды дамыту: заттарды сезіну, тән белгілерді бөліп көрсету. Дәмді қабылдауды дамыту: " ащы тәтті", "тәтті және қышқыл" әр түрлі дәмдік сипаттамалар туралы идеяларды қалыптастыру.

<p>Сөйлеуді дамыту бойынша арнайы түзету жұмысы</p>	<p>Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).</p> <p>Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.</p> <p>Бақылау және суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру</p>
---	---

## Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

### «Облыстық арнайы мектеп-балабақшасы»КММ

#### №4 «Кұлыншак» мектепалды даярлық тобы

Кезен:2022-2023 оқу жылы

### 2022-2023 оқу жылы қараша айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар.</p> <p>Жүру.Сапта бір бірлеп аяқтың ұшымен, өкшемен, аяқтын ішкі және сыртқы қырымен шашырап жүру.</p> <p>Тепе-теңділікті сақтау.Кедір бұдыр тақтай, гимнастикалық тақтай бойымен жүру.</p> <p>Жүгіру. Қатармен бір бірлеп шашырап жүгіру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу: гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып етбетімен өрмелеу, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту.</p> <p>Секіру: түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру, бір орында тұрып биіктікке секіру.</p> <p>Лақтыру, қағып алу, домалату: Допты жоғары лақтырып екі қолмен қағып алу,2-2.5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты лақтыру.</p> <p>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: Бір бірлеп сапқа тұру, сап түзеп,екі, үш қатармен қайта құру.</p> <p>Музыкалық- ырғақтық қимылдар. . Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар.</p> <p>Қол және иық белдеулеріне арналған жаттығулар. Қолды кезек жоғары-артқа көтеру.</p> <p>Кеудеге арналған жаттығулар. Отырып алға қарай еңкею, тізерлеп тұрып алға еңкею.</p> <p>Арқаға арналған жаттығулар: Қолдың көмегімен етбетімен жатып еңбектеу (3 метр)</p>

	<p>Аяққа арналған жаттығулар: қолды алға созып, жартылай отырып тұру.</p> <p>Спорттық жаттығулар. Денешынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру.</p> <p>Спорттық ойындар. Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолмен допты бір-біріне лақтыру.</p> <p>Қимылды ойындар. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі. Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру, баскетбол ойынына жағдай жасау.</p> <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Таңертенгі жаттығуларды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту. Су температурасын біртіндеп төмендеті отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулығын шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну.</p>
Тіл дамыту	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b> Дыбыстарды дұрыс, анық айту қабілеттерін қалыптастыру, дыбысталуы ұқсас дауыссыз ж-ш дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).</p> <p><b>Сөздік қор:</b> Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b> сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді</p>

	<p>қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b> Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру.</p> <p><b>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті:</b> өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.</p>
Көркем әдебиет	<p>Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.</p> <p>Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту.</p> <p>Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.</p>
Сауат ашу негіздері	<p>Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну.</p> <p>Жазу бетінде бағдарлай білуге үйрету.</p> <p>Қысқа сызықтарды жазуға мүмкіндік беру.</p> <p>Қаламды еркін ұстап, жоғарыдан төмен қарай жылжып сурет салу.</p>
Математика негіздері	<p><b>Жиын</b> Жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру Сан және санау "Қанша?", "Нешінші?" сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.</p> <p><b>Шама</b> Заттардың (5 және одан артық) ені мен жуандығын анықтай білу</p> <p><b>Геометриялық фигуралар</b> Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) ажырата</p>

	<p>білуге жаттықтыру</p> <p><b>Кеңістікті бағдарлау</b></p> <p>Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: қозғалыс бағыттары: жоғарыдан төменге</p> <p><b>Уақытты бағдарлау</b></p> <p>Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру</p>
<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Бала, оның отбасы, үйі.</p> <p>Болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру</p> <p>Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау</p> <p>бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну</p> <p>Еңбекке баулу</p> <p>Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</p> <p>Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту</p> <p>Көлік, байланыс құралдары</p> <p>Арнайы көлік құралдарының түрлерін, олардың белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін жабдықталуын білу, ұялы телефондарды, смартфондарды, компьютерлерді, интернетті, теледидарды қолдануды білу, оларды пайдалану кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p> <p>Табиғатпен таныстыру</p> <p>Өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу.</p> <p>Жол қозғалысы ережелері</p> <p>Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау.</p> <p>"Балалар", "Трамвай аялдамасы", "Автобус аялдамасы", "Метро аялдамасы", "Тройллебус аялдамасы", "Жаяу жүргіншілер жолы", "Велосипедке арналған жол (электросамокат, гироскутер, сигвей)" жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру.</p>

Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату.
Бейнелеу	Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау.
Мүсіндеу	<p>Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану.</p> <p>Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану.</p>
Жапсыру	Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.
Музыка	<p>Музыка тыңдау: Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.</p> <p>Ән айту: Бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айтуды үйрету.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</p>

		<p>Қимылдық жаттығуларды орындауға ажырату (марш, жеңіл, жүрелеп отыру)</p> <p>Билер:          Қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.          Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:          Шағын топпен таныс әуендерді орындауға үйрету</p>
Айы	Арнайы түзету іс-әрекеті	Арнайы түзету іс-әрекетінің міндеттері
қараша	Қоршаған әлеммен таныстыру және тіл дамыту	<p>Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту.</p> <p>Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану.</p> <p>Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау.</p> <p>"Балалар", "Трамвай аялдамасы", "Автобус аялдамасы", "Метро аялдамасы", "Тройллебус аялдамасы", "Жаяу жүргіншілер жолы", "Велосипедке арналған жол (электросамокат, гироскутер, сигвей)" жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру.</p> <p>Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.</p>
	Сенсорика	<p>Көруді қабылдау мен зейінді дамыту: практикалық сынақтарды қолдана отырып, ойын барысында көлемді фигураларды (доп, текше, кірпіш, үшбұрышты призма) саралау. 3 бөліктен тұратын бөлінген тақырыптық суретті бүктеу.</p> <p>Есту қабілеті мен зейінін дамыту: 2-3 музыкалық аспаптардың дыбысталу ретін анықтау.</p>

	<p>Тактильдік-қимылдық қабылдауды дамыту: заттарды сезіну, тән белгілерді бөліп көрсету. Дәмді қабылдауды дамыту: "тәтті-ащы", "тәтті-қышқыл" әр түрлі дәмдік сипаттамалар туралы идеяларды қалыптастыру.</p>
<p>Сөйлеуді дамыту бойынша арнайы түзету жұмысы</p>	<p>Дыбыстарды дұрыс, анық айту қабілеттерін қалыптастыру, дыбысталуы ұқсас дауыссыз ж-ш дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).</p> <p>Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту.</p> <p>Сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру.</p> <p>Өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.</p>

## Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

### «Облыстық арнайы мектеп-балабақшасы»КММ

#### №4 «Кұлыншак» мектепалды даярлық тобы

Кезен:2022-2023 оқу жылы

2022-2023 оқу жылы желтоқсан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар.</p> <p>Жүру.Сапта бір бірден, екеуден жүру, ересектің белгісімен тоқтау.</p> <p>Тепе-теңділікті сақтау.Скамейканың үстіне қойылған текшелерден, кедір бүдір тақтайлардан аттап жүру.</p> <p>Жүгіру. Қатармен бір бірден, екі екіден, жұбымен жыланша бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілерден өту арқылы жүгіру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу:Допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (3-4метр арақашықтығы)</p> <p>Секіру.Қос аяқпен заттардың арасымен ( арақашықтығы 4метр) секіру,қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру (арақашықтығы 40 сантиметр)</p> <p>Лақтыру, қағып алу, домалату: Допты екі қолымен бір біріне (арақашықтығы 1,5-2 метр)басынан асыра лақтыру.</p> <p>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: бір бірінің артынан бір және екіден сапқа тұру, екеуден қайта сап түзеу.</p> <p>Музыкалық- ырғақтық қимылдар. . Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.</p> <p>Жалпы дамыту жаттығулары.</p> <p>Қол және иық белдеулеріне арналған жаттығулар.Саусақтарды айқастырып, алға жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру)</p> <p>Кеудеге арналған жаттығулар.Қолды жоғары көтеріп, жан жаққа бұрылу, артқы жағынан қолды айқастырып көтеру.</p> <p>Арқаға арналған жаттығулар:Стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау.</p>

	<p>Аяққа арналған жаттығулар. Аяқтың ұшына көрерілу, қолды алға сосып жартылай отырып тұру (2-3 рет)</p> <p>Спорттық жаттығулар. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.</p> <p>Сырғанау. Өз бетінше мұзды жолдармен сырғанау.</p> <p>Шанапен сырғанау. Бір бірін шанамен сырғанату.</p> <p>Спорттық ойындар.</p> <p>Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір біріне лақтыру.</p> <p>Қимылды ойындар. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі. Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әр түрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Қыс мезгілінде мұзды жолдармен, шанамен сырғанауға жағдай жасау.</p> <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту. қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулығын шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама- қарсы температурадағы сумен шайыну.</p>
